№ -021041212000/226-вн от 08.10.2026

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның электр энергиясымен жабдықтау қызметі бойынша бекітуге берілген тарифінің жобасын талқылау бойынша өткізілген жария тыңдаудың

ХАТТАМАСЫ

№

Қызылорда қаласы
Әйтеке би 17, Кәсіподақтар үйі 6 қазан 2026 жыл

Қатысқандар: 30

Жария тыңдау төрағасы	А. Абдрайхан – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысы
Жария тыңдау хатшысы	Ж. Исмагулов– Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы
Шақырылғандар:	облыстық мәслихат депутаттары, БАҚ өкілдері және тұтынушылар, «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның басшысы, мамандары

Алпиянын Ұндана Қылышбекқызы 08.10.2026 16:13

Күн тәртібі

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның электр энергиясымен жабдықтау қызметі бойынша бекітуге берілген тарифінің жобасын талқылау бойынша өткізілген жария тыңдау.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департамент *(бұдан әрі-Департамент)* басшысы А. Абдрайхан хабарлама жасады.

А. Абдрайхан - Құрметті жария тыңдауға қатысушылар, құрметті әлеуметтік желі пайдаланушылары!

Бүгінгі біздің жиналу себебіміз, Департаментке «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның *(бұдан әрі —«ҚЭТТК» АҚ)* электр энергиясымен жабдықтау бағасының өсуі туралы хабарламаның түсуі блып отыр. Күн тәртібінде бір сұрақ қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі «ҚЭТТК» АҚ-ның электр энергиясымен жабдықтау қызметі бағасының жобасын талқылау. Департамент ҚР Кәсіпкерлік Кодекстің 124-6- бабының және Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу Қағидаларының талаптарына сәйкес алдағы уақытта реттелетін қызмет бағаларының көтерілетіні туралы хабарламаны қарау кезінде жария тыңдаулар міндетті түрде өткізіледі. Осыған байланысты, «ҚЭТТК» АҚ-ы 2026 жылғы 15 тамызда Департаментке электр энергиясымен жабдықтау қызметінің бағаларының өзгеретіні бойынша хабарлама ұсынды. Бұл хабарлама қазіргі таңда Департаментпен қаралуда. Негіздеуші құжаттарға сараптама жүргізілуде.

Б. Жантасов- «ҚЭТТК» АҚ-ның электр энергиясынмен жабдықтау қызметіне орташа баға 37,48 теңге 1 кВт.сағ-қа ұсынылды. Тариф жабдықтау үстемесінен, сатып алынатын электр энергиясы, тарифтердің қымбаттауына байланысты қалыптасқан шығындардан тұрады.

Сол себепті тарифтерді көтеруге хабарлама ұсынылды.

Соңғы шешім Департамент тарапынан Қазақстан Рсепубликасының заңдарында бекітілген мерзімде қабылданады. Жария тыңдауға қатысушылардың тарапынан сұрақтар болса жауап

Дата: 08.10.2026 16:45. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

беруге дайынмын деп сөзін аяқтады.

Сұрақ-жауап:

Облыстық мәслихат депутаты: қазіргі ұсынып отырған тариф қанша пайызға өсіп отыр?

Б. Жантасов: электр энергиясын бөлшек саудада өткізу қызметі бойынша 1 кВт.сағ (ҚҚС-сыз) электр энергиясын үшін орташа бекітілген 29,79 теңгеден 37,48 теңгеге дейін 25,8%-ға немесе 7,69 теңгеге өсуімен ұсынып отырмыз, тарифтер бойынша слайдта көре аласыздар.

Облыстық мәслихат депутаты: электр энергиясымен жабдықтау қызметіне шекті бағаның өсуіне не себеп болып отыр?

Б. Жантасов: Электр энергиясымен жабдықтау қызметіне шекті бағаның өсуіне бірнеше факторлар әсер етіп отыр. Олар: біріншіден, Бірыңғай сатып алушы бағасының 1 кВт сағатына бекітілген 13 теңгеден 16 теңгеге немесе 23%-ға көтерілуі; Екіншіден электр қуатының жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету қызметі бағасының 47%-ға өсуі; Үшіншіден, ұлттық электр желілерінің пайдалану қызметінің тарифі 23%-ға көтерілуі әсер етіп отыр

А. Абдрайхан: Жария тыңдау барысында айтылған барлық ұсыныстар мен ескертулер ескеріліп, түпкілікті шешім қолданыстағы заңнамаға сәйкес қабылданатын болады.

Жария тыңдау хатшысы: **Ж. Исмагулов**

Согласовано
08.10.2026 14:50 Исмагулов Жасулан Жаркенович
Подписано
08.10.2026 15:06 Абдиқалық Ұлдана Қылышбекқызы

Абдиқалық Ұлдана Қылышбекқызы 08.10.2026 16:15

Дата: 08.10.2026 16:45. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Тип документа	Внутренний документ
Номер и дата документа	№ -021041212000/226-вн от 08.10.2026 г.
Организация/ отправитель	
Электронные цифровые подписи документа	Согласовано: Исмагулов Жасулан Жаркенович без ЭЦП Время подписи: 08.10.2026 14:50
	республиканское государственное учреждение "Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Кызылординской области" Подписано: АБДЫҚАЛЫҚ ҰЛДАНА MIITIAYJ...qcy1xGg== Время подписи: 08.10.2026 15:06

[[QRCODE]]

Согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан настоящий электронный документ, соответствующий требованиям Цифрового кодекса Республики Казахстан и удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, уполномоченного на его подписание, равнозначен документу на бумажном носителе, подписанному собственноручной подписью.

Абдықалық Ұлдана Қылышбекқызы 08.10.2026 16:45

Дата: 08.10.2026 16:45. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП